

БАСТАУЫШ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУҒА ДЕГЕН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН ДАМУ

Жунисбекова Ж.А. – п.ғ.к., доцент, **Антоненко С.** – ЕП-19-4р, М.Әуезов
ат.ОҚУ, **Керимбеков М.А.** – п.ғ.к., «Өрлеу» БАҒО» АҚФ Түркістан облысы
және Шымкент қаласы бойынша ПҚБАИ, Шымкент, Қазақстан

Психологтар бастауыш мектеп жасындағы оқушының жеке тұлғасының қалыптасуындағы оқу іс-әрекетінің мәніне ерекше көңіл бөліп, «оқушының ішкі позициясын қабыл алу» (Л.И.Божович), «оның танымдық және адамгершілік күштері дамуының жаңа көздерін ашатын, мінез-құлық мотивтерінің өзгерісі» (В.В.Давыдов), баланың «мектепте оқу міндетін» сезінуде қамтылған қоғамдық орнының өзгерісі (Н.Ф.Добрынин) сияқты аспектілеріді бөліп көрсетеді. Кеңес психологиясында мотивациялық сфера өзінше қарастырылады, ол адамның ақиқатқа, өз-өзіне, басқа адамға белсенді түрде бағытталған қатынасының күрделі жүйесін құрайды, әрі түрткілердің әртүрін қамтиды (Л.И.Божович). Баланың қай мотивті өзіне жетекші мотиві ретінде таңдап алуына қатысты оның адамгершілік позициясы қалыптаса бастайды (Л.И.Божович, А.Н.Ленотьев). Оқушының мотивациялық сферасы оның эмоционалды – еріктік сферасына, оның ақыл-ой әрекетіне әсер ететін түрлі қатынастардың қайта құрылуына әсер ететін өте мәнді фактор ретінде көрінетін «педагогикалық бағамен» анықталады.

Оқу іс-әрекетінің процесі бірқатар жалпы заңдылықтарға бағынады. Алдымен оқытушы балаларды оқу ситуацияларына жүйелі түрде тартып, балалармен бірге тиісті оқу әрекеттерін, сондай-ақ тексеру мен бағалау әрекеттерін тауып, көрсетіп отыруы керек. Оқушылар да, өз кезегінде, оқу ситуацияларының мәнін түсінуі және барлық әрекеттерді дәйекті түрде орындап отыруы тиіс, яғни басқаша айтқанда, заңдылықтардың бірі мынада: бастауыш сыныптардағы бүкіл оқыту процесі алғашында балаларды оқу іс-әрекетінің басты бөліктерімен кең түрде таныстыру

негізінде құрылады және балалар оларды белсенді түрде іске асыруға тартылады.

Кіші мектеп жасындағы оқушылардың қарым-қатынастарының ерекшеліктерін сипаттай келе, Л.И.Божович, В.В.Давыдов, Д.Б.Эльконин балалардың құрдастармен жақындығына қарамастан ересек адам, әсіресе мұғалім олар үшін бедел иесі болып табылатындығын көрсетеді. Д.Б.Эльконин, «баланың ересектермен қатынастарының барлық жүйесі жеке қарым-қатынасқа дейін оқу іс-әрекеті арқылы жанамалады» деген қорытындыға келеді. Баланың оқу іс-әрекетіне енуі ересектің оқушылардың өзіндік сана сезіміне әсер ету мүмкіншілігін ұлғайтады. Осындай көзқарастың негізінде бастауыш мектеп жасындағы оқушылардың ересектермен өзара қатынастары бір-біріне қайшы екі тенденциямен сипатталады.

Оқу процесінің нәтижелі болуы, әрине, олардың танымдық процестерінің дұрыс ұйымдастырылуымен және дамытуымен тікелей байланысты. Жеклеген психикалық процестерді дамыту бүкіл бастауыш мектеп шағында жүзеге асырылады.

Балалар мектепке қабылдау процесстері едәуір жетіліп келсе де (оларда көру мен есту қабілеті жоғары екені байқалады, олар түрлі формалар мен түстерді жақсы бағдарлайды), олардың оқу ісіндегі қабылдауы формалар мен түстерді тану және атауға келіп тіреледі. Бірінші сынып оқушылары өздері қабылдамайтын заттардың қасиеттері мен сапаларына жүйелі талдау жасай алмайды. Баланың қабылдаған заттарын талдау және саралау мүмкіндіктері онда заттардың жекелеген тікелей қасиеттерін аңғару мен айырудан гөрі күрделілеу қызмет түрінің қалыптасуымен байланысты. Бақылау деп аталатын бұл қызмет түрі мектептегі оқу процесі кезінде ерекше жедел қалыптасады. Бастапқы оқытуда барлық бастауыш сынып оқушыларының осы маңызды қасиетін бірқатар дамытуға болатынын Л.В.Занковтың зерттеулері көрсетіп отыр.

Мектепке келген балалардың әлі мақсатқа бағытталғын зейіні болмайды. Олар өздерінің зейінін негізінен өздеріне тікелей қызықтығымен, ашықтығымен, өзгешелігімен ерекшеленетін нәрселерге аударады (ырықсыз зейін), мектеп жұмысының шарттары алғашқы күннен бастап баладан сол кезде оны қызықтырмауы да мүмкін пәндерді және мәліметтерді назардан тыс қалдырмауды талап етеді.

Мектепке келген алтыжасар бала, көбінесе, сырттай ашық және эмоциялы оқиғаларды, суреттеулерді, әңгімелерді дәл есте сақтайды. Бірақ мектеп өмірі алғашқы кезден-ақ балалардан материалды еркін есте сақтауды талап етеді. Оқушылар күн режимін, мінез-құлық ережелерін, үй тапсырмаларын арнайы есте сақтауы тиіс, ал одан кейін оларды өзінің мінез-құлқына басшылыққа ала білуі немесе оларды сабақта еске түсіре білуі керек. Балалар ең мнемикалық міндеттерді ажырата алатын болады. Олардың біреуі материалды дәлме-дәл есте сақтауды, екіншісі оны тек өз сөзімен айтып шығуды қарастырады және т.б. Бастауыш сынып оқушыларының есте сақтауының табыстылығы олардың мнемикалық міндеттердің сипатын түсінуіне, есте сақтау мен еске түсірудің тиісті әдіс-тәсілдерін меңгеруіне байланысты болып келеді.

Жүйелі оқу ісі балалардың қиялы сияқты маңызды психологиялық процесін дамытуға көмектеседі. Бастауыш мектеп оқушыларының мұғалімнен еститін және кітаптан оқитын мәліметтерінің көпшілігі картиналар мен схемаларды сөзбен бейнелеу түрінде болады.

Қорытындылай келе, бастауыш мектеп жасындағы оқушылардың оқуға деген қызығушылықтары олардың мұғалімімен, сыныптастарымен арадағы қарым-қатынасқа, танымдық процестерінің дұрыс ұйымдастырылуы мен даму деңгейіне де тікелей қатысты болып келеді екен.

Әдебиеттер

1. Эльконин Б.Д. Психология развития: Учебное пособие для ВУЗов. – М.: Академия, 2007.
2. Давыдов В.В. Проблемы развивающего обучения. - М., 2006.